

2013 жылға арналған басым дақылдардың тізбесін және көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормаларын белгілеу туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 31 мамырдағы № 203 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 06 маусымда № 2736 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, 37-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 8-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1 . М ы н а л а р :

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 2013 жылға арналған басым дақылдардың **т і з б е с і ;**

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 2013 жылға арналған көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары және басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялар **н о р м а л а р ы** **б е л г і л е н с і н .**

2. "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан **туындайтын** шараларды **қабылдасын.**

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары **Ғ.И. Дү й с е м б а е в қ а** **ж ү к т е л с і н .**

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Ізмұхамбетов

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н

Ауыл шаруашылығы министрі

2013 жылғы 31 мамыр

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

А. Мамытбеков

А т ы р а у о б л ы с ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 1 м а м ы р д а ғ ы № 2 0 3
қаулысына 1–қосымша

2013 жылға арналған басым дақылдардың тізбесі

№ р/с	Басым дақылдардың атауы
1	Тары
2	Арпа
3	Майлы дақылдар (мақсары)
4	Картоп
5	Көкөніс және бақша дақылдары
6	Жабық топырақтағы көкөністер
7	Ағымдағы жылы егілген көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптер
8	Екінші және үшінші өсу жылындағы көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптер

А т ы р а у о б л ы с ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 1 м а м ы р д а ғ ы № 2 0 3
қаулысына 2–қосымша

2013 жылға арналған көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары және басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары

№ р/с	Басым дақылдарының атауы	1 гектарға бюджеттік субсидиялар нормалары, теңге
1	Дәнді дақылдар (бюджеттік субсидиялардың базалық нормасы)	400
2	Майлы дақылдар	3 400
3	Картоп (дәстүрлі технология)	20 000
4	Өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару немесе басқа да озық технологияларды қолдану арқылы өсірілетін картоп	40 000
5	Көкөніс және бақша дақылдары (дәстүрлі технология)	15 000
6	Өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару технологиясын қолданумен өсірілетін көкөніс және бақша дақылдары	40 000
7	Жабық алаңдағы, өндірістік үлгідегі көкөністер (1 дақыл айналым)	2 500 000
8	Жабық алаңдағы, оңайлатылған үлгідегі көкөністер (1 дақыл айналым)	2 000 000
9	Ағымдағы жылы егілген көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптер	45 000
10	Екінші және үшінші өсу жылындағы көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптер	900

